



Жинақтаушы Депозит

№ [D-00000000-000] шарт

_____ қ.
[_._._._.] ж.]

«Kaspi Bank» АҚ (бұдан әрі – Kaspi) бір тараптан және [_____] (бұдан әрі – Салымшы) екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталып, «Kaspi Bank» АҚ-тағы банктік салымның жалпы талаптарының (бұдан әрі – Жалпы талаптар) аясында мына талаптарда Жинақтаушы Депозит шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Депозиттің талаптары

1.1. Салымшы Депозитті береді, ал Kaspi қабылдап, келесі талаптарда Депозиттің сомасына Сыйақы төлейді:

- 1) Салымның (өнімнің) атауы – Жинақтаушы Депозит;
- 2) Банктік салымның түрі – мерзімді салым;
- 3) Салым валютасы: KZT;
- 4) Кемімейтін қалдық болып табылатын салымның ең аз сомасы – [XXXXX] ([Сомасы мен валютасын сөзбен жазу]);
- 5) Салымды орналастыру мерзімі: [XXXX ж. XX ай] бастап [XXXX ж. XX ай] дейін;
- 6) Сыйақы мөлшерлемесі [XX,X]%, сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі [XX,X]%;
- 7) Сыйақы шоттағы күн сайынғы ақша қалдығына ай сайын есептеледі және есептеу жүргізілетін айдан кейінгі айдың күнтізбелік бірінші күні төленеді. Сыйақы сомасы Сыйақы есептелетін салым сомасын көбейтіп, шотқа төленеді;
- 8) Ішінара/толық мерзімінен бұрын алуға жол берілмейді. Үшінші тұлғалардың төлем талаптарын немесе инкассалық өкімдерін орындау есебіне ақшаны есептен шығару Депозитті мерзімінен бұрын алу болып саналмайды. Салымшының Депозиттің барлығын немесе бір бөлігін мерзімінен бұрын алып қоюы Шартты бұзу болып табылады және Депозит есептелген Сыйақы шегеріліп, толық көлемде қайтарылуға тиіс;
- 9) Егер Жалпы талаптарда өзгеше көзделмесе, қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз аудару арқылы толықтырылады;
- 10) Салымшы орналастыру мерзімі өткеннен кейін салым сомасын талап етпеген жағдайда, Сыйақыны, Кемімейтін қалдықтың мөлшерін қоспағанда, егер Шарттың мерзімін ұзартқан кезде Kaspi өзге мерзімді хабарламаса, Шарт сол талаптарда және сол мерзімге ұзартылады;
- 11) Kaspi Сыйақының, Кемімейтін қалдықтың мөлшерін Шарттың мерзімі ұзартылған күні салымның осындай түрі үшін қолданылатын мөлшерлеме мен талаптар бойынша белгілейді;
- 12) Салымды толық/ішінара мерзімінен бұрын қайтару мерзімі – Салымшының талабы түскен сәттен бастап күнтізбелік 7 күннен кешіктірмей.

1.2. Kaspi:

- № (ЖСК): [20 таңбалы депозит шотының нөмірі] жинақ шотын (бұдан әрі – Шот);
- № (ЖСК): [20 таңбалы ағымдағы шоттың нөмірі] ағымдағы шотты (бұдан әрі – Ағымдағы шот) KZT-те/USD-да **ашады және оған қызмет көрсетеді.**

Ағымдағы шотқа қызмет көрсетілгені үшін комиссия www.kaspibank.kz, www.kaspi.kz сайттарындағы Kaspi тарифтерінде белгіленген.

«ҚР екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заң бойынша банк лицензиясынан айырылған жағдайда, шоттағы қалдық сомасына және есептелген сыйақыға кепілдік берілген өтем көзделген, ол ең жоғарғы сома шегінде

[теңге үшін - 10 000 000 теңге], бірақ аталған заңның 18-бабында белгіленген мөлшерден аспайтын шекте төленеді.

1.3. Kaspi Жеке кабинетке ЖСК-мен хабарлама жіберген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Салымшы Кемімейтін қалдықтан кем емес мөлшерде ақша салады. Депозит сомасы Салымшы нақты енгізген ақша сомасына тең.

2. Растамалар мен келісімдер

2.1. Шартты жасасу және/немесе Өтінішті беру арқылы Салымшы:

2.1.1. Жалпы талаптармен толық танысқанын, олардың өзіне анық әрі түсінікті екенін растайды. ҚР АҚ-тің 388 және 389-баптарына сай Жалпы талаптар Тараптардың арасындағы қатынастарды реттейтінін түсінетінін және Жалпы талаптар мен Шартты сақтауға міндеттенетінін;

2.1.2. Шартта аталған ақпараттың шындыққа сәйкес келетінін және Kaspi-дің оны пайдалана алатынын;

2.1.3. Берілген ақпарат өзгерген барлық жағдайлар туралы тез арада хабарлайтынын;

2.1.4. Ақпаратты [www.kaspi.kz-ke](http://www.kaspi.kz) орналастыру арқылы Kaspi-дің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатыны және кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері, тәртібі туралы хабарлағанын;

2.1.5. Шартта немесе Салымшының тікелей дебеттеуге келісімі қамтылған өзге құжаттарда көзделген жағдайларда Kaspi-дің Шарт бойынша шоттарды тікелей дебеттеуіне келісім бергенін;

2.1.6. банк құпиясын қоса алғанда, Салымшы көрсеткен дербес деректерді, соның ішінде мемлекеттік деректер базасынан алынған деректерді (бұдан әрі – Деректер) жинауға, өңдеуге, трансшекаралық беруге, байланыс қызметін, сақтандыру қызметін, өзге қызметтерді көрсететін үшінші тұлғаларға Деректерді беруге, бұлтты және деректерді өңдеудің басқа технологияларын қолдануға; Тараптардың шарттарды тиісінше орындауын қамтамасыз ету мақсатында және Kaspi-дің алдында туындаған кез келген берешегін өндіріп алу үшін Деректерді жалпыға бірдей қолжетімді дереккөздерде таратуға, Салымшыны және оның құжаттарын суретке түсіруге келісім беретінін растайды;

Келісім Шарттың мерзімінде және Деректерді сақтау/өңдеу бойынша заңнаманың талаптарын орындаған мерзімде жарамды.

2.1.7. Салық берешегінің және әлеуметтік төлемдер бойынша берешегінің жоқ екенін;

2.1.8. Болашақта бөлімшелерге келмей, Kaspi.kz-те және басқа сайттарда өнімдерді онлайн ресімдей алатынымен танысқанын және Kaspi-ге:

- уәкілетті ұйымнан, мемлекеттік органдардың деректер базасынан, басқа ұйымдардан және тұлғалардан тікелей және үшінші тұлғалар арқылы зейнетақы жарналары туралы ақпаратты алуға;
- Kaspi-мен шарт жасасқан кредиттік бюроларға ақпарат беруге және болашақта түсетін деректерді қосқанда, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге **келісім беретінін;**

2.1.9. ҚР салық төлеушісі болып табылатынын **растайды** [егер клиенттің «тұруға ықтиярхат» құжаты мен ЭЫДҰ азаматтығы болса ғана тармақ пайда болады]

3. Қорытынды ережелер

3.1. Мыналар арқылы:

- ДСЖК (кодын) енгізу;
- POS-терминалда PIN-кодты енгізу;
- Жеке кабинетте/Сайтта электрондық құжаттармен алмасу;
- Телефон нөмірі бойынша, өзге тәсілдермен хабарламалармен (SMS) және Тараптарды және олардың ерік-қалауының мазмұнын айқындайтын құжаттармен алмасу арқылы жасалған мәмілелер, соның ішінде Шартқа (біржақты тәртіппен өзгертілмейтін) өзгерістер, Салымшының сауалнамалық деректерінің, телефон нөмірінің және өзге мәліметтерінің өзгерістері Тараптардың келісімімен мәміленің жазбаша нысанда жасалуына теңестіріледі. Жоғарыда аталған тәсілдермен өзгертілген Салымшы туралы

мәліметтер Kaspi-дің қалауы бойынша Тараптардың арасында жасалған кез келген басқа шартқа қолданылады.

3.2.Электрондық қызметтер (Kaspi мұндай қызметтерді көрсеткен жағдайда) Салымшыға ЭБТҚ ережесінде көзделген тәртіппен және талаптарда көрсетіледі.

3.3.Шартта көрсетілген мерзімде Депозитті салмағанда немесе Депозитке [XXXXX] аз сома салған жағдайда, Шарт Kaspi-дің талап етуімен бұзылуы мүмкін .

3.4.Шарт Жалпы талаптардың ажырамас бөлігі болып табылады. Тараптар Шартта көзделмеген барлығында Жалпы талаптарды басшылыққа алады. Шартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалардың Жалпы талаптарда айқындалған мағынасы болады.

3.5.Шарт Депозиттің сомасы Шотқа түскен күннен бастап, Ағымдағы шот бөлігінде Өтініш берілген сәттен бастап күшіне енеді. Шартты жасасу Шарт бойынша шоттарды ашуға өтініш беруге теңестіріледі.

3.6.Салымшының ДСЖК-ны (кодты) енгізуі/ЭЦҚ электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қоюы шарттың жасалғанының растауы болады.

4. Тараптардың деректемелері

Kaspi:

«Kaspi Bank» АҚ,
БСН 971240001315

Мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ.,
Наурызбай батыр к-сі, 154 «А»

Салымшы:

[Клиенттің ТАӘ Иванов Иван Иванович
пішімінде/,

Мекенжайы: [нақты тұратын мекенжайы]

№ [Құжаттың нөмірі] / [Құжаттың атауы]

[құжаттың сериясы, нөмірі] [берілген
күні XX.XX.XXXX пішімінде]ж.

берген [құжатты берген орган] ,

ЖСН [клиенттің ЖСН 12 таңба]

Мобильді тел. нөмірі 8 (777) 000-00-00

*(Шартты ДСЖК-ны енгізу немесе ЭЦҚ
қою арқылы онлайн жасасқан кезде,
«ДСЖК-мен расталды» немесе «ЭЦҚ
қойылды» мәтіні көрсетіледі. Бұл
түсіндірме алынып тасталсын!)*

ЭЦҚ қойылды
